

**25-30 қазан аралығында өткізілген іс-шаралар жоспарының
ТАЛДАМАСЫ**

30 қазан

Апталақ жоспарға сәйкес 25-30 қазан аралығында келесі жұмыстар атқарылды:

1. Мұғалімдердің қысқа мерзімді жоспарларын тексеріліп, ұсынымдар айтылды:

1) оқу мақсатын сабақ мақсатына көшірмеу (сабақ мақсаты оқушылардың сабақ нәтижесінде үйренетін дағдылары, білік пен білімі, оқушының сабақ бойы жасаған жұмысының нәтижесін болжайды);

2) сабақ мақсатында саралап оқыту идеясы аясында оқушылардың барлығына бірдей мақсат белгілемей, олардың танымдық деңгейлері бойынша түрлі мақсаттар қою (барлық оқушылар, оқушылардың басым бөлігі, кейбір оқушылар);

3) оқушылардың әрекеттерін Блум таксономиясының деңгейлері бойынша белгі-леу.

2. Пән мұғалімдерінің электронды журналды уақытылы жүргізілуі күнделікті бақыланып, есеп берілді.

3. Оқушылардың сабаққа қатысулары күнделікті сынып жетекшілері тарапынан тексеріліп, сабақ босатқан оқушылардың себептері бойынша есеп алынды.

4. Бекітілген кесте бойынша 7-11-сыныптарда Бөлім бойынша жиынтық бағалау, Токсан бойынша жиынтық бағалау жүргізілді. Бағалау барысында академиялық адалдықты сақтауды қатаң талап ету пән мұғалімдеріне ескертілді. БЖБ, ТЖБ папкасында ТЖБ спецификасы, ТЖБ тапсырмаларының сипаттамасы, ТЖБ тапсырмалары, оқушылардың жұмыстары, ТЖБ талдауы, модерациясы және ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика міндетті болуы керектігі айтылды.

5. 9-сынып оқушыларының үш тілде оқытылуларын бақылау мақсатында 9 Б сыныбының биология пәні сабақтары бақыланды. Сабақ барысында пән мұғалімі Б.Торсунова АКТ, модульдік, белсенді оқыту, ойын технологияларын қолдана оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып, бағдарламаны ағылшын тілінде меңгерулеріне жағдай жасады.

6. Мектепшілік пәндер олимпиадасының 1-2- кезеңдерінің тапсырмалары бекітілді.

7. 27 қазан күні қолданбалы лингвистика пәні бойынша дарынды оқушыларды анықтау, дамыту және қолдау мақсатында мектепшілік «Лингвистика» олимпиадасы өткізілді. Олимпиадаға 8-11-сыныптар арасынан ағылшын, орыс, қазақ тілдерінен үздік 12 оқушы қатысты. 4 оқушы Балсент Елдана, Егінбаева Жанерке, Әбу Ғалия, Қажмуканова Фариза 1-3-орындаға иеленді. 1-орын иегері Балсент Елдана облыстық «Лингвистика» олимпиадасына қатысуға жолдама алды.

8. «Шабьт» шығармашылық тобының жұмыс жоспары негізінде дене шынықтыру пәні мұғалімі Шайхан А. «Ұлттық ойындардың іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу», АӨТД пәні мұғалімі Шокаев А.Е. «Мотоатқыштар бөлімшесін ұйымдастыру және ұрыстың мүмкіндіктері» тақырыптарында шебер-сыныптар өткізді. Сабақтарға мектеп әкімшілігі, тәжірибелі ұстаздар және жас мамандар қатысты. Сабақтарға қатысу барысында сабақтың оқу мақсаттарына сәйкес келуіне, мұғалімнің қалыптастырушы бағалау өткізуіне, кері байланысты жүргізуіне, сабақта цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың тиімділігіне, белсенді әдіс-тәсілдер мен технологияларды қолдануына назар аударылды.

9. Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернаты 28 қазан күні желілік «Абай мектептерінің» жас мамандары арасында «Менің педагогикалық әлемім» атты республикалық байқау өткізді. Байқаудың мақсаты- жас педагогтардың шығармашылық әулетін және өзін-өзі дамытуына жағдай жасау, білім беру жүйесін жетілдіруге мұғалімдердің кәсіби көзқарасын қалыптастыру. Байқауға мектептен жас маман, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Муратов Мақсат Болатұлы қатысты. Мақсат Болатұлы жанартылған білім беру технологияларын тиімді пайдалана отырып «Педагогикалық дебют» тапсырмасы бойынша онлайн панорамалық сабақ өткізді және «Педагогикалық шеберлік қоймасы» тапсырмасы бойынша сұрақ-жауаптар мен жағдаяттарды шешті. Нәтижесінде Муратов М. Б. II жүлделі орынға ие болып Дипломмен марапатталды.

10. Оқушылардың пәндік олимпиадаларға және зерттеу жұмыстарына дайындық жағдайы туралы мәлімет жиналды және директордың жанындағы отырыста қаралды.

11. Апта бойы «Олимпиадалық резерв» мектебінің жұмысы қадағаланды.